

## **Ақбұлақ ауылдық округіндегі көшелерді қайта атау туралы**

Қарағанды облысы Осакаров ауданы Ақбұлақ ауылдық округінің әкімінің 2018 жылғы 29 қарашадағы № 01 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 24 желтоқсанда № 5085 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып, облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Ақбұлақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Осакаров ауданы Ақбұлақ ауылдық округіндегі Роднички ауылының көшелері келесідей:

1) Новая көшесі Наурыз көшесіне;

2) Степная көшесі Аманат көшесіне қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Әкім*

*Н. Машрапов*